

«АЗАМАТТАРГА АРНАЛГАН ҮКІМЕТ МЕМЛЕКЕТТІК	
КОРПОРАЦІЯСЫ» КЕАК НЫҢ АЛМАТЫ ҚАПАСЫ	
БОЙИНША ФИЛИАЛЫ	
<i>2015-10-10</i>	<i>2010 22 02</i>
Алғыншыл тапсының нұсқасы	
ФИЛИАЛ НЕ КОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ	
прайвилегиа государственная приватизация	
корпоративный пакет № <i>10</i> от <i>10.10.13</i>	
2010-10-10	
БОНДЫК 570342 03 2013	

Алматы қаласы әкімдігінің
2019 жылғы «15 тамыздағы № 3/495
қаулысымен бекітілген

**Алматы қаласы Қоғамдық деңсаулық басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «Психикалық сауықтыру орталығы»
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Қоғамдық деңсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық сауықтыру орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) Алматы қаласы Деңсаулық сактау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық сауықтыру орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының заңды мұрагері болып табылады.

2. Кәсіпорын денсаулық сактау саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлғаның мәртебесіне, шаруашылық жүргізу құқығында мүлікке ие мемлекеттік кәсіпорынның үйымдық-құқықтық нысанындағы үйым болып табылады.

3. Кәсіпорынға қатысты коммуналдық мешік құқығы субъектісінің қызметін Алматы қаласының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) жүзеге асырады.

4. Кәсіпорын мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқығын Алматы қаласының әкімдігі (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы (бұдан әрі - Басқару органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Психикалық сауықтыру орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Центр психического здоровья» Управления общественного здоровья города Алматы.

Қысқартылған атаяу: мемлекеттік тілде: ШЖҚ «ПСО» КМК

орыс тілінде: КГП на ПХВ «ЦПЗ»

7. Кәсіпорынның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,
Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 117 А үй.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі бар.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғалар құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Кәсіпорын жасайтын және міндепті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше жағдайлар қарастырылmasa, тіркелген сәттөn бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні халықтың денсаулығын сақтау бойынша мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды орындау болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты медициналық көмек көрсету, психикалық аурулары және наркопатологиясы бар адамдарды әлеуметтік еңбек бойынша оңалту болып табылады.

14. Кәсіпорын аталған мақсатқа қол жеткізу үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) медициналық қызмет, қызметтің бұл түрі мынадай қызмет түрлерін қамтиды:

жедел медициналық көмек;

ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек:

алғашқы медициналық-санитариялық көмек: дәрігерге дейінгі, білікті көмек;

консультациялық диагностикалық көмек: диагностика; зертханалық клиникалық диагностика; акушерлік және гинекология; педиатрия; терапия; невропатология; психиатрия: наркология, психотерапия, медициналық психология; стоматология; дәстүрлі медицина: рефлекстік терапия; медициналық реабилитология;

ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек және (немесе) стационарды алмастыратын көмек: диагностика; зертханалық клиникалық диагностика; акушерлік және гинекология; педиатрия; терапия; невропатология; психиатрия: наркология, психотерапия, медициналық психология; стоматология; дәстүрлі медицина: рефлекстік терапия; медициналық реабилитология;

2) денсаулық сақтау саласындағы есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке;

3) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде фармацевтикалық қызмет;

4) 2-3 топ мүгедектерін, психикалық аурулары мен наркопатологиясы бар науқастарды әлеуметтік және еңбекпен оңалтуын ұйымдастыру және өткізу;

5) психикалық аурулары бар адамдарды оңалту мәселелері жөніндегі бағдарламаларды өзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ, олардың тиімділігін бағалау;

6) алдағы уақытта психикалық және әлеуметтік нашарлаудың алдын алу мақсатында, ауру бетінің тұрақты қайтуына қол жеткізу үшін қолайлы жағдайлар жасау.

7) халық тұтынатын тауарларды өндіру және сату жолымен психикалық аурулары және есірткі патологиясы бар 2-3 топтағы мүгедектерді әлеуметтік және еңбекпен оңалтуды ұйымдастыру және жүргізу.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген қызметтің мәні мен мақсатына сәйкес емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорының Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы немесе оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі Басқару органының немесе Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Басшының Кәсіпорынды жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағыттаған іс-кимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіpte келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынды құру, қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мұлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорының филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мұлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқару органы қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын басым қызмет бағыттарын және міндettі жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;
- 2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;
- 5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 6) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша орынбасарларды және бас (ага) бухгалтерді қызметке тағайындауды немесе қызметінен босатады, сондай-ақ бас медбikenің кандидатурасына тағайындауды келіседі;
- 7) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Басшы (бұдан әрі – Директор), сонымен қатар осы Жарғының 5 бөлімінде көзделген жағдайларда байқау кеңесі Кәсіпорынның органы болып табылады.

20. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

21. Басқару органы Кәсіпорынның Директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі дер кезінде аударылмағандығы үшін Кәсіпорын Директордің жауапкершілігі айқындалады.

22. Кәсіпорынның Директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

23. Кәсіпорынның Директоры Кәсіпорында сыйайлас жемқорлыққа карсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның Директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Директор:

- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
- 3) шарттар жасайды және өзге де мәмілелерді жүзеге асырады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, көтермелеге шараларын қолданады және оларды жазага тартады;

Басқару органы басшының ұсынымы бойынша қызметке тағайындастын және қызметтөн босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы осы Жарғыда белгіленеді;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде жалақы төлеу нысанын, штат кестесін, лауазымдық жалақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерді қоспағанда) сыйақы және өзге де сыйлықтар беру жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтөн босату үшін Басқару органына үміткерлерді ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) Құрылтайшының келісімі бойынша Кәсіпорын өкілдіктері мен филиалдарының директорларын қызметке тағайындауды және қызметтөн босатады;

12) Кәсіпорын өкілдіктері мен филиалдары туралы ережені бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынды басқару

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорында Басқару органының ұсынысы бойынша Кәсіпорынның органы - байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын құру, сонымен қатар қызмет ететін шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға байқау кеңесін енгізу Жергілікті атқарушы орган шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

27. Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға қойылатын өлшемдерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

28. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі байқау кеңесі мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен

бұрын тоқтату туралы байқау кеңесінің шешіміне сәйкес оның жазбаша өтінішінің негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

29. Басқару органы байқау кеңесінің мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асырады. Байқау кеңесі мүшелері қызметін бағалау нәтижесі бойынша Басқару органы байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды, ал мемлекеттік қызметшілер болса, сыйақы төленбейді. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қасіпорынның есебінен төленеді.

Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Байқау кеңесінің хатшысы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қасіпорынның қызметкері болып табылады және ол байқау кеңесінің мүшесі болмайды. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есеп береді, оның мәжілістерін дайындау мен өткізуі, мәжіліске материалдар ресімдеуді қамтамасыз етеді және байқау кеңесі мүшелерінің мәжілістердің материалдарына қолжетімділігін қамтамасыз етуге бақылау жасайды.

Байқау кеңесі хатшысының құзыреті мен қызметі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қасіпорынның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Байқау кеңесінің мүшелері шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қасіпорынның және Басқару органының алдында өздерінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан қасіпорынға келтірілген шығындар үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапкершілікте болады.

Егер байқау кеңесінің қасіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешіміне қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, онда байқау кеңесінің мүшелері жауапкершіліктен босатылады.

30. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қасіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Басқару органына Қасіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Қасіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Қасіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Қасіпорынның және оның құрылымдық белімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Құрылтайшыға ұсыныстар енгізеді;

5) Қасіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Басқару органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Қасіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің

лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындауды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін белгілейді, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Басқару органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар дайындауды;

10) Басқару органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Басқару органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін ашу және жабу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің талабы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндettі.

31. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мәжілістерін өткізу тәртібі:

1) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мәжілістері қажеттілік бойынша, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі;

2) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мәжілісін оның төрағасы өз бастамасымен, Басқару органының, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын басшысының немесе байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша шақырады;

3) байқау кеңесі туралы ережені, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мәжілістерін шақыру және өткізу тәртібін Жергілікті атқарушы орган бекітеді;

4) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мәжілісі, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері өткізілетін орны мен уақыты туралы хабардар етілсе және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы мәжіліске қатысса, онда заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мүшесіне өзінің дауыс беру құқығын басқа байқау кеңесінің мүшесіне немесе өзге жеке тұлғага (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір ғана дауысқа ие бола алады. Дауыстар тең болған жағдайда, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының даусы шешуші болып табылады;

6) байқау кеңесінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді және байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

32. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның аудиті:

1) Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын жылдық қаржылық есептілік аудитін өткізуге міндettі;

2) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның аудиті байқау кеңесінің, мемлекеттік кәсіпорын басшысының, Басқару органының бастамасымен мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты есебінен жүргізіледі.

33. Мұдделер қайшылығы.

Байқау кеңесінің мүшесі шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуы тиіс. Байқау кеңесінің мүшелеріне жеке мұдделік негізде шешім қабылдауға, сонымен қатар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

6. Кәсіпорынның мүлкі

34. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

35. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

36. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен құралады.

37. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі ғана болуы мүмкін.

38. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табигатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу және тоқтату үшін көзделген жағдайларда және тәртіpte жүзеге асырылады.

39. Шаруашылық жүргізу дегі мүлікті пайдаланудың нәтижелері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негізdemeler бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіpte Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

40. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке қатысты меншік иесі оны

Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдағанда, Кәсіпорын оны өзінің теңгерімінде бекіткен сәттен бастап мүлікке шаруашылық жүргізу құқығына ие болады.

41. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

42. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249 бабында қарастырылған тәртіpte және негіздер бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 43, 44 тармақтарында қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

43. Осы Жарғының 42 тармағында қарастырылған шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша занды түрде алып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Занды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қою жатады.

44. Егер Қазақстан Республикасының зандарымен өзгеше белгіленбесе, Жергілікті атқарушы орган Басқару органдың келісімі бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып қоюға немесе оны өзі құрған басқа занды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

45. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде Жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға алынған мүлік басқа тұлғаға берілгенге дейін өзінде ұстауды және сақтауды қамтамасыз ету мерзімін белгілейді.

46. Кәсіпорын Құрылтайшының жазбаша келісімімен Басқару органдың ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

47. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

48. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе Құрылтайшы тарапынан өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 39 және 42 тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

49. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өзінің кірісі есебінен және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіпте алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

50. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Жергілікті атқарушы орган белгілейді.

51. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін жергілікті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

52. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

53. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз кірістері есебінен қаржыландыруын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Жергілікті атқарушы органдың келісімі бойынша Кәсіпорын белгілейді.

54. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған кірістер, сондай-ақ бюджеттік қаржыландыру есебінен құралған сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қагидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану деректері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы

55. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 798 627 188 (жеті жүз тоқсан сегіз миллион алты жүз жиырма жеті мың бір жүз сексен сегіз) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (Құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі сәтіне толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорынның есепке алуы және есептілігі

56. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен

қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Кәсіпорын басшысы Басқару органының келісімімен бекіткен есепке алу саясатына сәйкес халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша жузеге асырылады.

57. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, кірістер мен шығындар туралы есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме хатты қамтиды.

58. Байқау кенесі бар Кәсіпорын жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті байқау кенесінің, басшының, Басқару органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражатының есебінен жүргізіледі.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

59. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

60. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

61. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

62. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Жергілікті атқарушы орган белгілейді.

63. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақылар мөлшерін, сыйақы және өзге сыйлықтар беру жүйесін белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес белгілейді.

64. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (ага) бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, оларға сыйақы және өзге де сыйлықтар беру жүйесін Жергілікті атқарушы орган белгілейді.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

65. Кәсіпорынды қайта құру және тарату Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

66. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, коммуналдық Кәсіпорынды қайта құруды және таратуды Жергілікті атқаруышы орган мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырады.

Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

67. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Жергілікті атқаруышы орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізеді.